

Тақырып 6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесі

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Мемлекеттік басқарудағы әртүрлі жүйелерінің сипаттамалары
2. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдар жүйесінің түсінігі, біртұтастығы және олардың түрлері
3. Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық мәртебесі, Парламенттің өкілеттігі мен жұмыс істеу нысандары

Сұрақ 1. Мемлекеттік басқарудағы әртүрлі жүйелерінің сипаттамалары

- «Жүйе» түсінігі грек сөзінен шыққан және бөліктерден құралатын органикалық бірлікті білдіреді;
- Ол кибернетикадан (грекше **kybernetike** – **басқару өнері**), Норберт Винер еңбектерінен бастау алған.
- *Мемлекеттік басқару жүйесі* – қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерді мемлекеттік басқаруды ұйымдастыруды зерттейтін ғылым.

Кесте 1 – Мемлекеттік басқарудағы жүйелерді зерттеудің теориялық астарлары

Ғалымдар	Зерттеу объектілері
Аристотель	Әлеуметтік жүйелерді зерттеу
Богданов А.А.	«Әлеуметтік жүйе» түсінігін ғылымға енгізіп, осы жүйелерді басқарудың ғылыми негіздерін қалады
Афанасьев В.Г.	Жүйелік талдау мәселесін ғылыми бағыт ретінде қарастырды
Ч. Барнард	Жүйелік тәсілдеме негізінде басқаруды ұйымдастыру және іскерлік мораль теориясын құрауға ұмтылды
Л. Берталанфи, А. Рапопорт	Күрделі әлеуметтік құрылымдарды ұйымдастыру мәні, заңдылықтары мен функцияларын зерттеген
Варламов К.И.	Айрықша қоғамдық құбылыс ретінде басқаруды философиялық тұрғыдан талдады

Кесте 2 – Жүйелердің жіктелуі

№	Жіктеу критерийлері	Түрлері
1	Мазмұны бойынша	Техникалық, экономикалық, құқықтық, теориялық, биологиялық, ақпараттық, адамгершіліктік, әлеуметтік, басқарушылық, концептуалды-
2	Туындауы бойынша	Материалд және идеалды, табиғи және жасанды
3	Қоршаған ортамен өзара әрекеттесу сипаты бойынша	Ашық және жабық (тұйық)
4	Құрылымы бойынша	қарапайым, күрделі, ғаламдық
5	Деңгейлік құрылымы бойынша	Екі, үш және төрт деңгейлі
6	Әрекет ету сипаты бойынша	автоматты, егер басқару адамсыз жүзеге асырылса, және автоматтандырылған, егер басқаруда техникалық құраушымен қатар адам қатысатын жағдай

Кесте 3 – Басқарушылық жүйенің сипатты белгілері

№	Сипаттамасы	Мәні
1	тұтастық	Қоршаған ортада белгілі дербестікке ие автономдылыққа ие күрделі жүйелердің сипаттамасы
2	мақсаттылық	Алға қойылған мақсатқа сәйкес келу
3	Оригиналды, өзіне ғана тән ішкі құрылымның болуы	
4	иерархиялылық	Жүйенің құраушы элементтері жоғарыдан төменге, қарапайымнан күрделіге, бағыныштыдан басшыға қарай қатар тәртіпте орналасады
5	эмердженттілік	Жүйе қасиеттерінің сомасы оның жекелеген элементтері қасиеттерінің сомасына тең болмайды
6	жеткіліктілік	Автономды тәртіпте әрекет ету мүмкіндігі, өз жауапкершілігімен ішкі мәселелер бойынша дербес шешім қабылдауға құқылы болу




Сурет 1 - Мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымы

Сұрақ 2. ҚР мемлекеттік органдар жүйесінің түсінігі, біртұтастығы және олардың түрлері

- Мемлекеттік билік органдары – біртұтас жүйе. Ол анықталады:
ҚР мемлекеттік құрылысының
унитарлы сипаты,
территориясының бірлігі,
егемендігі.
- **Мемлекеттік билік органдарының жүйесі** – бұл өздеріне тән ұйымдық-құқықтық формаларда біртұтас мемлекеттік билік функцияларын атқаратын заң шығару, атқару және сот билігінің жоғарғы және жергілікті органдарының жиынтығы
- **Заң шығару органдары** - преимущественно нормотворческой деятельностью айналысады;
- **Атқарушы билік органдарының басты міндеті** – ҚР Конституциясының ережелерін, ҚР заңдары, нормативтік нұсқамалардың ережелерін жүзеге асыру;
- **Сот билігінің органдары** азаматтық, қылмыстық және өзге де заң нормаларын жүзеге асыруға арналған.



Мемлекеттік билік органдарының жүйесі:



1. Заң шығару (өкілетті) билігінің органдары

ҚР Конституциясының IV бөлімі. ПАРЛАМЕНТ

(49-бап)

Парламент – ҚР заң шығару билігін жүзеге асыратын Республиканың ең жоғары өкілді органы

ПАРЛАМЕНТ палаталары (50,51-баптар)

Сенат

- Құрылады:** әр облыс, республикалық маңызы бар қала және ҚР астанасынан 2 адамнан өкілдік ететін депутаттар;
- Депутаттардың сайлануы:** жанама сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру жолымен;
- Депутаттардың өкілеттік мерзімі:** 6 жыл;
- Депутат болу құқығы:** 30 жасқа толған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс стажы бар, тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала не Республика астанасының аумағында кемінде 3 жыл тұрақты тұрып жатқан адам

Мәжіліс

- Құрылады:** жүз жеті депутат;
- Депутаттардың сайлануы:** 98 депутат сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы; 9 депутат ҚР халқы Ассамблеясы сайлайды;
- Депутаттардың өкілеттік мерзімі:** 5 жыл;
- Депутат болу құқығы:** жасы 25 толған адам

1.1. Заң шығару (өкілетті) билігінің органдары

ҚР Конституциясының VIII бөлімі

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗИ

БАСҚАРУ

85-бап

- Жергілікті мемлекеттік басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады;

86-бап

- Жергілікті өкілді органдар - мәслихаттар тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністегі халықтың еркін білдіреді және жалпымемлекеттік мүдделерді ескере отырып, оны іске асыруға қажетті шараларды белгілейді, олардың жүзеге асырылуын бақылайды

86-бап

- Мәслихаттарды жалпыға бірдей, тең, төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге халық сайлайды.
- ҚР 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады.
- Республика азаматы 1 мәслихаттың ғана депутаты бола алады

2. Атқарушы билік органдары

V бөлім. ҮКІМЕТ

64-бап

- Үкімет ҚР атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

64-бап

- Үкімет - алқалы орган; өзінің қызметінде Республика Президентінің және Парламенттің алдында жауапты.

2. Атқарушы билік органдары

V бөлім. ҮКІМЕТ

66-бап

• ҚР Үкіметі:

- 1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады; Республика Президентінің келісімімен мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді, сондай-ақ олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) Парламентке республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;
- 3) Мәжіліске заң жобаларын енгізеді және заңдардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- 4) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады;
- 5) ҚР сыртқы саясатын жүргізу жөнінде шаралар әзірлейді;
- 6) министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды

67-бап

• ҚР Премьер-Министрі:

- 1) Үкімет қызметін ұйымдастырып, оған басшылық жасайды және оның жұмысы үшін дербес жауап береді;
- 2) Үкімет қаулыларына қол қояды;
- 4) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Парламентке баяндап отырады;
- 5) Үкімет қызметін ұйымдастыруға және басшылық жасауға байланысты басқа да қызметтерді атқарады

2.1. Атқарушы билік органдары

ҚР Конституциясының VIII бөлімі

ЖЕРГІЛІКТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ

87-бап

- **Жергілікті атқарушы органдар** ҚР атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму қажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді.

- **Облыстардың**, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың **әкімдерін** қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика **Президенті тағайындайды**.
- **Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері** заңда айқындалатын тәртіппен қызметке **тағайындалады** немесе **сайланады**, сондай-ақ қызметінен босатылады.
- Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша әкімдерді қызметтерінен босатуға хақылы

3. Сот билігінің органдары

VII бөлім. СОТТАР ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІ

75-бап

- ҚР сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.
- Заңмен құрылған ҚР Жоғарғы Соты, Республиканың жергілікті және басқа да соттары ҚР соттары болып табылады

79-бап

- Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірітілуі мүмкін.

80-бап

- Соттарды қаржыландыру, судьяларды тұрғын үймен қамтамасыз ету республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі және ол сот төрелігін толық әрі тәуелсіз жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

82-бап

- ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасын және судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды.
- Жергілікті және басқа да соттардың төрағалары мен судьяларын Жоғары Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша ҚР Президенті қызметке тағайындайды.

3 сұрақ. Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық мәртебесі, Парламенттің өкілеттігі мен жұмыс істеу нысандары

III бөлім. ПРЕЗИДЕНТ

40-бап

- ҚР Президенті - мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға.

41-бап

- ҚР Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы 5 жыл мерзімге сайлайды;
- ҚР Президенті болып тумысынан Республика азаматы болып табылатын, 40 жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген, Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұратын және жоғары білімі бар Республика азаматы сайлана алады.

III бөлім. ПРЕЗИДЕНТ

42-бап

- Бір адам қатарынан 2 реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды.
- Бұл шектеу ҚР Тұңғыш Президентіне қолданылмайды.
- 43-48 баптарға өз бетінше дайындалу!!!



Кесте 4 – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Президенттігі

Президенттік мерзімі		Басқару ұзақтығы	Партиялылық
1990 жылдың 24 сәуірі	1991 жылдың 1 желтоқсаны	586 күн	Кеңес Одағының Коммунистік партиясы
1991 жылдың 1 желтоқсаны	1999 жылдың 29 сәуірі	2706 күн	Партиясыз
1999 жылдың 29 сәуірі	2005 жылдың 4 желтоқсаны	2411 күн	“Отан” республикалық саяси партиясы
2005 жылдың 4 желтоқсаны	2011 жылдың 4 сәуірі	1947 күн	“Отан” республикалық саяси партиясы (“Асар” партиясымен біріккеннен кейін “Нұр-Отан” ХДП айналды)
2011 жылдың 4 сәуірі	2015 жылдың 26 сәуірі	1483 күн	“Нұр-Отан” ХДП
2015 жылдың 26 сәуірі	Мерзімі 2020 жылдың сәуір айына дейін)		“Нұр-Отан” ХДП



ҚР Парламенті

Типі

Типі

Екі палаталы

Палаталар

Сенат (Жоғарғы палата);
Мәжіліс (Төменгі палата)

Басшылық

Сенат Төрағасы

Қасым-Жомарт Тоқаев (Нұр-Отан, 2013 жылдың 16 қазан айынан бастап)

Мәжіліс Төрағасы

Нұрлан Нигматулин (Нұр-Отан, 2016 жылдың 22 маусым айынан бастап)

Құрылымы

Мүшелері

154 мүшесі бар:
47 сенаторлар;
107 депутаттар

IV бөлімі. ПАРЛАМЕНТ

53-бап

Палаталардың бірлескен отырысында Парламент:

- ҚР Президентінің ұсынысы бойынша Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- Үкімет пен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін бекітеді. Үкіметтің республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Парламенттің бекітпеуі Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіргенін көрсетеді;
- соғыс және бітім мәселелерін шешеді;

- ҚР Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды;
- Конституциялық Кеңестің Республикадағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;
- палаталардың бірлескен комиссияларын құрады, олардың төрағаларын сайлайды және қызметтен босатады, комиссиялардың қызметі туралы есептерді тыңдайды;
- Парламентке Конституция жүктеген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

IV бөлімі. ПАРЛАМЕНТ

54-бап

1. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы конституциялық заңдар мен заңдар қабылдайды, оның ішінде:
- республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
 - мемлекеттік салықтар мен алымдарды белгілейді және оларды алып тастайды;
 - ҚР әкімшілік-аумақтық құрылысы мәселелерін шешу тәртібін белгілейді;
 - мемлекеттік наградаларды тағайындайды, ҚР құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды;
 - мемлекеттік заемдар мен ҚР экономикалық және өзге де көмек көрсетуі туралы мәселелерді шешеді;
 - рақымшылық жасау мәселелерін шешеді;
 - ҚР халықаралық шарттарын ратификациялайды және олардың күшін жояды

2. Парламент палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі- Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы:
- республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерді талқылайды;
 - Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзім ішінде қайталап талқылау мен дауысқа салуды өткізеді.



Сенат және мәжіліс

55-бап

Сенаттың ерекше қарауына мыналар жатады:

- ҚР Президентінің ұсынуымен Республиканың Жоғарғы Сотының Төрағасын және Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау мен қызметтен босату, олардың анттарын қабылдау;
- ҚР Президентінің ұсынуымен ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілді бес жыл мерзімге қызметке сайлау және оны қызметінен босату;
- ҚР Президентінің Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын, Бас прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;
- ҚР Бас Прокурорын, Жоғарғы Сотының Төрағасы мен судьяларын оларға ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру;
- Мәжілістің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты, ол уақытша болмаған кезеңде ҚР Парламентінің конституциялық заңдар мен заңдар қабылдау жөніндегі функцияларын орындау;
- Конституциямен Парламент Сенатына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

56-бап

Мәжілістің ерекше қарауына мыналар

жатады:

- Парламентке енгізілген конституциялық заңдар мен заңдардың жобаларын қарауға қабылдау және осы жобаларды қарау;
- Палата депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен ҚР Президентіне ҚР Премьер-Министрін тағайындауға келісім беру;
- ҚР Президентінің кезекті сайлауын хабарлау;
- Конституциямен Парламент Мәжілісіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
- Мәжіліс депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен, Мәжіліс депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Мәжіліс Үкіметке сенімсіздік білдіруге хақылы.

